

ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ НЕГЕ АЗАЙМАЙ ОТЫР?

6-БЕТ | МӘСЕЛЕ



ЖҮЗ ЖЫЛ БҮРЫН ҚҰРЫЛҒАН МУЗЕЙ ҚАЙДА?

7-БЕТ | ҚОҒАМ



ӨЗ ТАҢДАУЫҢДЫ ЖАСА!

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ ЖӘНЕ
МӘСЛИХАТТАРЫНЫҢ ДЕПУТАТТАРЫН

САЙЛАУ

№26
(4459)
Сенбі
4 наурыз
2023 жыл



ASTANA



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Астана қаласын дамыту мәселелері жөнінде кеңес өткізіп, елордада рұқсат етілген құжаты жоқ 90-нан астам тұрғын үйдің құрылысы жүріп жатқанын сынаған еді. Осыған орай, Астана қаласының әкімдігі мониторинг жұмысын жүргізіп, рұқсат құжатынсыз құрылысы жүріп жатқан 76 нысанды анықтады.

2

ҚҰЖАТСЫЗ ҚҰРЫЛЫС ТОҚТАДЫ

САЙЛАУ УЧАСКЕҢІЗДІ БІЛЕСІЗ БЕ?

Астана қаласының тұрғындары сайлау учаскелерін бірнеше тәсілмен онлайн біле алады:

1. Веб-қызмет: sailau.astana.kz
 2. Telegram-дағы чат-бот: [sailau_astana_bot](https://t.me/sailau_astana_bot)
 3. Smart Astana мобильді қосымшасы
 4. iKomek бірыңғай байланыс орталығының «109» телефоны бойынша
- 2023 жылғы 19 наурызда Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі мен мәслихаттар депутаттарының кезектен тыс сайлауы өтеді.

Құрметті астаналықтар, дауыс беру арқылы конституциялық құқығыңызды пайдаланыңыз!



АСТАНАЛЫҚ ХОККЕЙШІЛЕР – ЧЕМПИОН!

Павлодар қаласында өткен IV қысқы жастар ойындарында шайбалы хоккейден Астана қаласының ұлдар командасы алтын медаль иеленді.

Елордалық команда барлық негізгі қарсыластарынан басым түсті. Спартакиаданың күміс жүлдесі Қарағанды облысының командасына бұйырды. Шығыс Қазақстан облысы құрамасы үздік үштікті түйіндеді.



АЗЫҚ-ТҮЛІК АРЗАНДАЙ МА?

Елде азық-түлік бағасы арзандауы мүмкін. Бұл жөнінде Премьер-министрдің орынбасары – Қаржы министрі Ерулан Жамаубаев айтты.

Соңғы кезде елімізде доллар бағамының төмендеуі байқалады. Былтыр тауар құны өскенде, Үкімет оны шетелдік валюта курсының шарықтауымен байланыстырған болатын.

«Қазір доллардың теңгеге шаққандағы құны: 442 теңге төңірегінде. Сондықтан 2-3 айдың ішінде тауар бағасының арзандауы күтіледі» деді Үкімет басшысының орынбасары.



3

Елорданың коммуналдық қызметі тәулік бойы күшейтілген режимде қала көшелерінің қарын күреп, мұзын ойып, тазалау жұмысын жүргізуде. Осы мақсатта күн сайын шамамен екі мыңдай жол жұмысшысы жұмылдырылады.

БАНКРОТТЫҚҚА ӨТІНІМ ҚАБЫЛДАУ БАСТАЛАДЫ

Заң жобасын әзірлеу барысында жеке тұлғалардың банкроттығы институты қалыптасқан елдердің тәжірибесі сараланып, тиісті нормалар алынды.

Рәсімдердің 3 түрі енгізілді. Олар – соттан тыс банкроттық, сот арқылы банкроттық және төлем қабілетін қалпына келтіру. Банкроттықтың салдары:

- 5 жыл ішінде қарыздар мен кредиттер алуға шектеу (ломбарттардың микрокредиттерін алудан басқа);
- банкроттықты 7 жылдан кейін ғана қайта қолдану мүмкіндігі;
- 3 жыл бойы қаржы жағдайының мониторингі.

Мемлекеттік кірістер комитеті өтініш берудің бейнеуәсауын жариялады. Онда электронды цифрлық қолтаңба арқылы egov.kz порталынан өтініш берудің әр қадамы нақты көрсетілген.

Жеке тұлғалардың банкроттығын жүзеге асыру мерзімі шектелмейді. Елімізде бұған дейін жүргізілген автокөліктерді, капиталды заңдастыруға мерзімді шектеу енгізілген болатын.



№26 (4459) 04/03/2023 Сенбі

ТҰРҒЫНДАР ТАЛАБЫН ТЫҢДАДЫ

Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек Теміржолшылар елді мекенінің тұрғындарымен кездесті. Кездесуде тұрғындар электр, сумен жабдықтау, кәріз, жолдар мен тротуарлар салу, қосымша маршруттарды іске қосу, интернет және т. б. мәселелер қозғалды.

– Қаланың аудандары мен елді мекендерінің тұрғындарымен кездесуді әрі қарай жалғастырамын. Әрбір елді мекеннің өзіне тән күрделі әрі жүйелі проблемалары бар. Электр энергиясы – Теміржолшылар елді мекенінің негізгі мәселесінің бірі. Осыған дейін «Қазбек» қосалқы станциясы бойынша жұмыс басталған болатын. Біз жобаға енгізілетін түзетуді жазда аяқтап, келесі жылы қосалқы электр станциясының құрылысын толығымен іске қосуды жоспарлап отырмыз. Су қысымы бойынша халық өсімін ескерер болсақ, қалада қосымша су көлеміне қажеттілік бар. Жаңа ауыз су станциясының құрылысы қазір аяқталу сатысында тұр, мамыр айында іске қосылады, ал 3-ССС тамыз айына дейін толық қатта жұмыс істеу тәртібіне көшеді. Осылайша, су мәселесі тек елді мекенде ғана емес, бүкіл



қала бойынша шешіледі, – деді қала әкімі.

Тұрғындар емдеу-денсаулық сақтау мәселесі мен қоғамдық көлік туралы да өтініш айтты.

«Емдеу-денсаулық сақтауға қатысты мәселені пысықтап жатырмыз. Бұдан бөлек, биыл дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы аяқталады. Оның базасында спорт және шығармашылық үйірмелер ашылады. Сонымен қатар, жазда кезек-кезеңімен жаңа автобустар жеткізіле бастайды. Биыл 500-ге тарта автобус (оның ішінде жеке инвесторларды жұмылдыру ескеріледі) жеткізуді жоспарлап отырмыз. Бұл тұрғындар үшін автобустардың күту уақытын қысқартуға, олардың желдегі санын арттыруға, жаңа маршруттарды іске қосуға мүмкіндік береді. Көтерілген мәселелерді шешу жұмысы қолға алынды, оларды іске асыру уақыты туралы хабардар етеміз» деді Жеңіс Қасымбек.



ҚҰЖАТСЫЗ ҚҰРЫЛЫС ТОҚТАДЫ

Қала аумағында рұқсат құжаты жоқ 96 нысанның құрылысы жүргізілген. Көп-пәтерлі тұрғын үй кешені нысандарын өз бетінше салу мәселесі жөніндегі жұмыс тобы заңсыз құрылыс салу фактілерін анықтап қана қоймай, рұқсат құжаты жоқ құрылыс салушыларға жан-жақты көмек көрсетеді.

Осылайша, 96 нысанның 20-сы құрылыс жүргізуіне қажетті рұқсат құжатын толықтай алды. Жұмыс тобының құрамына мемлекеттік органдардың қызметкерлері, қоғамдық ұйымдардың, Қазақстан Құрылысшылар одағының және Қазақстанның құрылыс салушылар қауымдастығының өкілдері кіреді.

Қазіргі уақытта рұқсат құжатынсыз құрылыс жүріп жатқан 76 нысан анықталды. Олардың қатарында: «Mars Project», «Aiz Kurylys», «Русалдинг Line», «Билдинг компани», «Expert Consulting Agency Kazakhstan», «Тауекел Инжиниринг», «Global Millennium», «Handan-Astana», «Oreol-Group» ЖШС және т. б.

Рұқсат құжатынсыз құрылыс жүргізетін субъектілердің бөріне жұмысын тоқтату туралы нұсқама беріледі әрі әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Сондай-ақ тиісті жер құқығынсыз құрылысы жүріп жатқан 20 нысан (76 нысанның ішінде) бойынша сот органдарына демонстрация бойынша талап арыздар беріледі.

Көп-пәтерлі тұрғын үй кешендері құрылысының жаңа нысандары рұқсат құжатынсыз жүріп жатқаны анықталса, бұл нысандар өз бетін-



ше салынып жатқан құрылыс деп танылып, бұзылады. Сондай-ақ, қалада «Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы» ҚР заңының талаптарын сақтау бойынша бірқатар түйткілді мәселе бар.

Қала тұрғындарын ақпараттандыру және заңның бұзылуына жол бермеу мақсатында әкімдіктің ресми ресурсында және БАҚ-та үлескерлердің ақшасын қабылдауға құқығы жоқ құрылыс салушылардың «қара тізімі» жүйелі түрде жарияланып тұрады.

Құрылыс компаниялары үлескерлердің қаражатын мынадай жағдайларда ғана қабылдай алады:

- 1) тұрғын үй құрылысының бірыңғай операторының кепілдігін алу;
 - 2) екінші деңгейлі банктің жобасына қатысу;
 - 3) тұрғын үйдің (тұрғын ғимараттың) қаңқасы салынғаннан кейін үлескерлердің ақшасын тарту.
- Егер қолданыстағы заңды бұза отырып, сізбен мәміле жасалған жағдайда, Астана қаласы, Бейбітшілік көшесі, 9, 324-кабинет мекенжайында орналасқан «Астана қаласының Қалалық орта сапасы және бақылау басқармасы» ММ уәкілетті органына хабарлауыңызды сұраймыз.

Елордада «Қазақстандағы әйелдер кәсіпкерлігі қауымдастығын қолдау» атты конференциясы өтті.

ӘЙЕЛ КӘСІПКЕРДІ ҚОЛДАУ КҮШЕЙЕДІ

Ұлттық экономика министрі Әлібек Қуанышев өз сөзінде мемлекет елдегі әйелдер кәсіпкерлігін дамытуға айтарлықтай күш салып жатқанын атап өтті. Бұл ШОБ-тағы (шағын және орта бизнес) әйелдердің өсіп келе жатқан үлесімен расталады (2011 жылы – 38,4%, 2021 жылы – 44,5%). «Кәсіпкер әйелдердің экономикалық белсенділігін қолдау мақсатында қаржылай және басқа да қолдау шаралары ұсынылады» деді ҰЭМ басшысы.

2022 жылдың қорытындысы бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау шеңберінде кәсіпкер әйелдердің 6 мыңнан астам жобасы қолдау тапты, кре-

диттерге кепілдік беру бойынша 4 мыңға жуық жоба қолдау тапты. Ақпараттық қамтамасыз ету бойынша 19 мыңнан астам консультация, сондай-ақ сервистік қолдау бойынша 11 мыңнан астам консультация берілді.

– Өткен жылдың наурыз айынан бастап ел өңірлерінде әйелдер кәсіпкерлігін дамытудың 17 орталығы жұмыс істей бастады. Биыл орталықтар үш жаңа облыста ашылды. 8 мыңнан астам әйелге қызмет көрсетілді, олардың 19%-ы ауылдық жерлерде тұрады, – деді Ә.Қуанышев.

2022 жылы ауыл әйелдеріне қолдау көрсету үшін төрт облыста (Жамбыл, Қостанай, Маңғыстау,

БҚО) «Бір ауыл – бір өнім» қанатқақты жобасы іске асырылды. Бағдарлама әр аймақтың ерекшелігін ескере отырып, бірегей жергілікті өнімдерді жасау үшін ауылдас-әйелдерінің кооперациясын ынталандыруға бағытталған. Биыл бұл бағыт Қазақстанның барлық аумағында үздік халықаралық тәжірибелерді қолдана отырып жүзеге асады.

Бұдан басқа, ҚР ҰЭМ Еуропа қайта құру және даму банкімен бірлесіп, әйелдер кәсіпкерлігін дамытудың бәсекеге қабілеті мен әлеуетін арттыруға бағытталған «Бизнестегі әйелдер» бағдарламасын іске асыруда.



МӘСЕЛЕНІ ШЕШУ БӘРІНЕН МАҢЫЗДЫ

Бас қала әкімінің орынбасары Ерлан Бекмурзаев тұрғындарды кезекті қабылдау барысында шешім етілген мәселелер туралы айтты.

– Қабылдау барысында тұрғындармен бірге мәселелерді шешудің ықтимал нұсқалары мен мерзімін талқылады. Тиісті тапсырмалар беріліп, орындаушы-

лар бекітілді. Сұрақтардың көп екенін және олардың барлығын жеке кездесу аясында бірден шешу қиын екенін түсінемін. Алайда үш тұрғынның мәселесі

қолма-қол шешілді. Бірқатар мәселені егжей-тегжейлі талдап, тұрғындармен міндетті түрде хабарласамын, – деді қала әкімінің орынбасары.

КӨПБАЛАЛЫ АНАЛАРҒА КӨМЕК

Астанада тіркелген және тұрақты тұратын көпбалалы отбасыларға, көпбалалы аналарға, оның ішінде табысы аз азаматтарға біржолғы төлем төленеді. Бұл туралы Астана қаласы Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасының баспасөз қызметі мәлім етті.

«2017 жылғы 12 желтоқсандағы №221/25-VI «Астана қаласында әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидасы туралы» мәслихат шешіміне сәйкес, 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күніне орай Астана қаласының көпбалалы

отбасыларға, көпбалалы аналарға, оның ішінде табысы аз азаматтарға, яғни 30 мыңға жуық азаматқа 2,5 АЕК (8625 теңге) мөлшерінде біржолғы әлеуметтік көмек көзделген» делінген басқарма хабарламасында.

Төлемді «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ Астана қаласы бойынша

филиалы «Әлеуметтік төлемдерді ведомстволық есептеу орталығы» департаментінің тізімі негізінде жүргізеді.

Әлеуметтік көмек Астанада тіркелген және тұрақты тұратын көпбалалы отбасыларға, көпбалалы аналарға, оның ішінде табысы аз азаматтарға төленетін болады.

ЕЛЕҢ ЕТКІЗЕР

Қазақстандық компаниялар «UzBuild-2023» халықаралық құрылыс көрмесіне қатысып жатыр.

ТМД кеңістігіндегі ең ауқымды шара биыл Ташкентте ұйымдастырылды. Әлемнің 22 мемлекетінен 350-ге тарта компания құрылыс материалдары таныстырылды. Қазақстан көрмеге газоблок, полиуретан, тақтайша, жылу оқшаулағыш және түрлі түсті бояу өнімдерін ұсынды. Арнайы құрылыс техникасы мен металл бұйымдар да бар.



Ресейлік автоөндірушілер наурыз айынан бастап көлік бағасы шамамен 2 пайызға өсетінін жариялады.

Өткен жылы көрші елде темір тұлпардың құны орта есеппен 24 пайызға қымбаттаған еді. Бұл сала соңғы 20 жылда болмаған дағдарысқа ұшырап отыр. Шетелдік автоөндірушілердің Ресейден кетуі автокөлік бағасын күрт өсірді әрі тапшылық туғызды. Жаңа машиналардың сатылымы 60 пайызға төмендеді.



Грекияда пойыз апатынан көз жұмғандар саны 43 адамға жетті.

Бұл туралы «Ассошиэйтед Пресс» агенттігі хабарлады. Құрбандардың көбі – студент. Тағы 80-нен астам кісі жарақат алған. Олардың жартысынан астамы әлі ауруханада. Жолаушы және жүк пойыздары Ларисса қаласының маңында соқтығысты. Бірнеше вагонға қатты зақым келген. Іште 430-дай жолаушы болған.

ҚҰЖАТТАНДЫРУ ТЕРМИНАЛЫ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Елордадағы ХҚКО-да құжаттандыру терминалы іске қосылды. Автоматтандырылған өз-өзіне қызмет көрсету терминалы биометриялық жүйемен, фотосуретке түсіру функциясымен және арнайы интерфейспен жабдықталған. Оның көмегімен адам жеке куәлік немесе төлқұжат алуға өз бетінше өтініш бере алады.

Құжаттандыру терминалы елордалық ХҚКО-да қанатқақты режимде іске қосылды. Жобаны Ішкі істер мен Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрліктері бірлесіп әзірледі. Жаңа ХҚКО-да 4 құрылғы жұмыс істейді. Жаңа аппаратпен бүгін Ішкі істер министрі Марат Ахметжанов пен Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Бағдат Мусин танысты. Бұл технология мемлекет ұсынатын қызметтердің сапасы мен жылдамдығын арттырады, құжаттарды ресімдеу мерзімін едәуір қысқартады, сыбайлас жемқорлық тәуекелін азайтады. Себебі барлық процесс ашық түрде жүргізіледі. Құрылғының көмегімен тек өтініш беріп қана қоймай, дерекқордағы фотосурет бойынша жеке басты сәйкестендіріп, QR-код арқылы төлемді сол жерде жасауға болады. Ол үшін бірнеше қадам жасау жеткілікті:

- ЖСН және ұялы телефон нөмірін енгізу;
- суретке түсіру және қол қою;



- экрандағы QR-кодты пайдаланып, мемлекеттік бажды төлеу;
- SMS арқылы қалыптастырылған қолхат алу;
- көші-қон қызметінің қызметкеріне

өтінім нөмірін көрсету. Бұл ретте, ұялы телефон нөміріңізді мобильді азаматтар базасына тіркеу қажет, бірақ мұны өтінімді ресімдеу кезінде де жасауға болады.

КӨКТЕМДЕ МҮЗ ОЙЫП ЖАТЫР



(Соңы. Басы 1-бетте)

2 наурыздан 3 наурызға қараған түні елордадан 15 мың текше метрден астам қар (683 рейс) шығарылды. Жұма күні таңертең қар күреу және көктайғақты болдырмау мақсатында 1,5 мыңнан астам жол жұмысшысы мен мыңға жуық арнайы техника жұмылдырылған.

Ауа райының тұрақсыздығына, температураның өзгеруіне және қатты жауын-шашынға байланысты көшеде көктайғақ пайда болады. Азаматтардың ыңғайлы қозғалысы үшін жолдарға, тротуарларға, көшелерге құм-тұз қоспасы себіледі. Сол сияқты елорда тұрғындары мен қонақтары көктайғақ кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтап, абай болуы керек.

Қыс мезгілінің басынан бері қаладан 3,7 млн текше метрге жуық қар (295 мыңға жуық рейс) шығарылды.

АШЫҚ ЕСІК КҮНДЕРІ ЖАЛҒАСУДА

7 наурызға дейін Қазақстан өңірлерінде Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия мүшелерінің қатысуымен Жастар денсаулық орталықтарында ашық есік күндері өтеді.

Орталықтарда 10 жастан 29 жасқа дейінгі жасөспірімдер мен жастарға консультациялық, емдеу-диагностикалық, медициналық-психологиялық көмек көрсетуге бағытталған іс-шаралар өткізу жоспарланған.

Жүргізіліп жатқан жұмыс жастарды ақпараттандыруға және тәрбиелеуге, оларда қауіпсіз мінез-құлық пен қажетті өмірлік дағдыларды қалыптастыруға бағытталды.

Іс-шараны облыстар мен Астана, Алматы, Шымкент қалаларының Денсаулық сақтау басқармалары, сондай-ақ Жастар денсаулық орталықтары ұйымдастырады.

Астанада ниет білдірген азаматтар Аманат көшесі, 3 (5-қабат, 511-кабинет) мекенжайына баруына болады. Онда дерматолог, гинеколог, уролог, психолог, заңгер мамандары тегін кеңес береді.



Иракта егіс алқаптары қурап жатыр.

Бұл жақты қуаңшылық қыспаққа алды. Елдің оңтүстігінде егістер мен жайылымдар қурап қалды. Соның салдарынан диқандар мен шаруалар шығынға батты. Жем болмағандықтан, олар малын сатуға мәжбүр. Ал көтерем мал көп ақша әкеле қоймайды. Ұзақ уақыт жаңбыр жаумай, Тигр мен Евфрат өзендері тартылып қалды.



Германияда 148 салада маман тапшы.

Әсіресе дәрігер, мұғалім, IT-маманы мен инженерлер ауадай қажет. Федералды агенттіктің мәліметі бойынша 148 салада мамандарға мұқтаждық бар. Бұл қатарға көлік жасауды, ауыр өнеркәсіп пен логистиканы да қосуға болады. Жыл сайын кәсіпорындар мен зауыттарда механик, дәнекерлеуші, сантехник, құрылысшы мен авто-электриктерге сұраныс артып келеді.

Әділетті сайлау үшін тәуелсіз байқаушылардың рөлі зор. Олар сайлау процесін әділетті түрде байқап отырады. Себебі тәуелсіз байқаушылардың басты міндеті – сайлаудың әділ және таза өтуін бақылау.

САЙЛАУ БАРЫСЫН БАҚЫЛАЙМЫЗ

Алдағы сайлау әділ өтеді деген ойдамыз. Өйткені ол жерде көптеген байқаушы болады және қазір бір-мандаттық жүйе арқылы көптеген белсенді азаматтар мен азаматшалар қатысып жатыр. Сайлау күні сол кісілердің сенімді өкілдері де отырады байқаушы болып. Бұл сайлаудың әділ өтуіне бірден-бір дәлел дегім келеді.

Азаматтар сайлауда байқаушы болып өзінің азаматтық-саяси көзқарасын қалыптастырады. Біз алдағы сайлауда «Ваула» қоғамдық қозғалысының атынан елордадағы 305 ашық сайлау учаскесіне сайлаудың әділ өтуін бақылайтын байқаушыларды дайындап жатырмыз. Олар арнайы оқытудан өтіп, тәжірибе жинақтап жатыр. Қазірдің өзінде 150-ге жуық байқаушы сол оқытудан өтіп жүр, сондықтан алдағы сайлауды бақылауға дайын десем де болады.



Аңсар ҚАЙЫРЖАНОВ, «Ваула» қоғамдық қозғалысының Астана қаласы бойынша үйлестірушісі

СУ ҚОЙМАСЫНЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІ – НАЗАРДА

Елорданың ТЖД бастығының орынбасары Дастан Алдабеков Астана су қоймасы жөндеуден өтіп жатқанын айтты.

– Астана су қоймасында соншалықты апат болған жоқ. Қазіргі уақытта су қоймасы контрреттегіш режимінде. Бұл дегеніміз – қаланы су тасқынынан қорғау. Қазір су қоймасын жаңарту жұмысы жүріп жатыр. Әкімдікте осы мәселе қаралып, қаржы бөлу жағы шешіледі. Быыл контрреттегішті жаңартуға ақша

бөлініп, атқарылатын іс-шаралар аясында Есіл өзенінің арнасын кеңейту мүмкіндігі туады деген ойдамыз. Сонымен қатар су тасқынына қарсы іс-шаралар, бөгетті нығайту, тас төсеу жұмысы жүргізілмек, – деді ол Астана қаласы коммуникациялар қызметі алаңында өткен баспасөз мәслихатында.



АЙТПАЙЫН-АҚ ДЕП ЕДІМ...

КӨШЕ МӘДЕНИЕТІН ҚАШАН ҮЙРЕНЕМІЗ?

Жағдайымыз жақсарып, тұрмысымыз түзелген сайын айналамызға селсоқ, табиғатқа немқұрайды қарайтынымыз рас. Елдің бетке ұстар қаласы – елорданың орталық көшелерімен келе жатсаңыз, жан-жағына қолындағы қоқысын лақтырып, темекісін тастап, бөтелкесін сындырып, түкіріп, сағызын отырғышқа жапсырып бара жатқан тұрғындарды, қала қонақтарын арагідік болса да кездестіріп қаласыз.

Гүлшат САПАРҚЫЗЫ

Оны жинап, тазалайтын да өзіміздің қарақөздер екенін ескере бермейміз. Жөнсіз қылық, яғни қоршаған ортасын ластауға қатысты әкімшілік жауапкершілік, айыппұл мөлшері белгілі болса да, тұрғындар тарапынан теріс қылық тыйылар емес. Мұндайда ағартушылық бағытты жандандыр-

ған дұрыс деп есептеймін. Себебі қоғамдық орындардағы мінез-құлық ережелері, тазалық мәселесі балаларға жастайынан насихатталса, осы бағытта қоғамдық көліктерде ұдайы арнайы жасалған роликтер көрсетілсе, оның әсері зор болар еді.

Қалай болғанда да, екінші миллионға аяқ басқан Астананың тұрғындары, елорданың көшелері елімізге үлгі болуы тиіс.

ҚАЛАЛЫҚ ЖӘРМЕҢКЕ ӨТЕДІ

Астанада демалыс күндері, яғни 4-5 наурыз күндері елордалық және өңірлік тауар өндірушілердің қатысуымен қалалық жәрмеңке ашылады.

Ол әр демалыс сайын елорданың Сауран, 7 мекенжайында өтеді. Кәсіпкерлер Астана тұрғындары мен қонақтарына сүт өнімдерін, көкөністер мен жемістерді, азық-түлік өнімдерін, сиыр, жылқы, қой

еті мен тауық етін ұсынады. Жәрмеңке 10:00-ден 18:00-ге дейін жұмыс істейді. Бір жақсысы сол, барлық өнім нарықтағы бағадан 10-15% төмен сатылады. Қапы қалмаңыздар!

№26 (4459) 04/03/2023 Сенбі



ҚҰҚЫҚТАРЫ ҚОРҒАЛАДЫ

Amanat партиясының БҚО-дағы сайлауалды штабының жетекшісі Мұрат Мұқаев пен кандидаттар «Бәйтерек» қоғамдық бірлестігіндегі мүгедек балалардың аналарымен кездесті.

Партия тізімі бойынша ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттығына үміткер Снежанна Имашева мен облыстық мәслихат депутаттығына үміткер Мирболат Құрманғалиев әлеуметтік қолдау шараларына ел қазынасынан қомақты қаражат бөлініп жатқанын атап өтті. Әйткенмен жергілікті деңгейде шешуді талап ететін бірқатар мәселе бар.

Оралда 26 оңалту орталығы бар. «Бәйтерек» қоғамдық бірлестігі сал ауруы, аутизм және басқа да дертке шалдыққан балалардың анасымен бірлесе жұмыс атқарып келеді. Үкіметтік емес ұйымның құрылғанына 17 жыл болған. Бытыр желтоқсан айында мұнда 81 бала оңалту қызметін алған. Ал биылдан бастап оңалту орталығы жұмысын тоқтатыпты. Өйткені бюджеттен қаржы әлі бөлінбеген. Күн сайын мамандардың көмегіне жүгінуі тиіс балалар қазір үйінде отыр.

– Біздің орталықта 12 маман бар.

Атап айтқанда, логопед, дефектолог, психолог, емдеу жаттығуы бойынша нұсқаушы, массажист және т. б. Олар 1,5 жастан 18 жасқа дейінгі сырқат балаларға көмек көрсетеді. Балалар әртүрлі үйірмеге қатысады. Биыл жыл басталғалы бері мамандарымыз жұмыссыз отыр. Оның үстіне, балалардың санына қарай қаржы көлемін де қысқартып тастады. Бытыр оңалту орталығында 81 балаға көмек көрсетілсе, биыл тек 35 балаға қаражат берілмек, – дейді қоғамдық бірлестіктің төрағасы Мерует Санжаева.

Штаб шетекшісі Мұрат Мұқаев партияның әлеуметтік салаға қолдау білдіретінін жеткізді. Сайлауалды 5 жылдық бағдарлама аясында облыстық филиал әлеуметтік осал топтарға көңіл бөледі. Қазір облыста 6 мыңнан астам мүгедек бала бар. 4300 балаға инклюзивті білім беріледі. Оның ішінде 1000-ға жуығы – мемлекеттік балабақшада, қалғаны – мектепте.



ФЕРМЕРЛЕРМЕН КЕЗДЕСТІ

«Ауыл» партиясынан ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттығына партия тізімі бойынша кандидат Қайрат Айтуғанов, Николай Арсютин, София Әбдіразақова, Светлана Прокопьева, Рабиға Тоқсейітова, Берікжан Қайыпбай Қостанай қаласында фермерлердің ата-анасымен кездесті.

– Мемлекет тарапынан фермерлерге бөлініп жатқан көмектің оларға үлкен мashaқатпен жететіні баршаға аян. Жаны күйген жас фермер ішкі қыжылын жанындағы жақынына ғана айтады. Мүмкін баласының айта алмай жүргенін ата-анасы айтар. Сондықтан да фермерлердің ата-анасын жинап, мұң-мұқтажға құлақ түріп, жиын өткізіп жатырмыз. «Ауыл» партиясы ауыл проблемасын өте жақсы біледі және оларды шешу бойынша нақты өзіндік көзқарасы бар. Біздің саяси платформамызда жалпы ауыл аумақтарын және әрбір елді мекенді дамытуға маңызды рөл берілген. «Ауыл» партиясы Мәжіліске барғанда осы ұстанымды одан әрі қорғап, қолдағы

бар ықпал ету тетігі мен ресурсты пайдалана отырып, бағдарламалық құжаттарын іске асыратын болады. Біз үшін ауыл әрқашан басымдық пен құрметке ие, – деді Қайрат Айтуғанов.

ҚР Парламенті Мәжілісіне және «Ауыл» партиясынан барлық деңгейдегі мәслихаттарға кандидаттар Қостанай ауданы Заречное ауылында орналасқан «Қазақ тұлпары» ЖШС жылқы зауытына, одан кейін «Заречное» ауыл шаруашылығы тәжірибе станциясы» ЖШС ғылыми-өндірістік мекемеге барып, жылқы тұқымын дамыту мәселесін анықтау және шешу тақырыбында, сондай-ақ машина-трактор паркінің көктемгі егіс жұмысына дайындық барысын талқылады.



ЕЛ ӨНІРЛЕРІНДЕГІ ЖҮЗДЕСУЛЕР

Үгіт-насихат турында жүрген партиялықтардың халықпен кездесулер кестесі күннен-күнге тығыз бола түсуде. Жақында республикалықтар еліміздің екі өңірі – Қостанай мен Ақтөбеде бір мезгілде бірнеше іс-шара өткізді. Оған 800-ге жуық азамат қатысты.

Қостанайдағы кездесулер алдыңғы қатарлы бірқатар өндіріс орындарының еңбек ұжымымен өткізілсе, Ақтөбеде партия мүшелері мен Парламент Мәжілісі депутаттығына кандидаттар өңірдегі жастармен, спортшылармен, қоғамдық пікір көшбасшыларымен кездесті. Атап айтқанда, Парламент Мәжілісінің депутаттығына кандидат Дамир Суентаев «Сарыарқа АвтоПром» ЖШС ұжымына барды.

– Қажырлы еңбектеріңіз үшін алғыс айтамын. Парламентке кіргенде әрқашан отандық тауар өндірушілердің және еңбек адамдарының мүддесін қорғайтын боламыз. Өңірлерден келген азаматтарымызды қашанда үлгі етеміз. Қостанай жері ерекше, халқы да жігерлі, – деді Д.Суентаев.

Ол ұлттық компаниялар директорлар кеңесінің түрлі отырысына отандық машина жасау саласының заңгері және өкілі

ретінде бірнеше рет қатысып, өндірістің қалай дамып жатқанын, басшылықтың өз қызметкерлеріне қалай қамқорлық жасайтынын және қандай технологияларды қолданатынын өз көзімен көріп жүр. Одан басқа да партия өкілдері өңірдегі сүт өндірісімен танысып, «Новый день» сауда белгісімен танылған «Милх» ЖШС серіктестігінің еңбек ұжымымен кездесті.

Сонымен қатар, Қостанай облысында партиялықтар көкпар тарту ойынына қатысты. Ойынды партия төрағасы Айдарбек Қожаназаров ұйымдастырды. Ол – Қостанай облыстық көкпар федерациясының президенті. Осы жылдар ішінде ол ұлттық ат ойынының танымал үлгісін көрсетіп, оны насихаттауға қомақты қаржы бөлген. Сонымен қатар осы аптада партия өкілдері Орал халқымен кездесті. Жиын соңы қазақ эстрадасы өншілерінің концертімен жалғасты. Іс-шараға 2500-дей адам қатысты.



ТАБИҒАТТЫ АЯЛАУ – ҚАСИЕТТІ БОРЫШ

ҚХП Шымкент қаласы филиалының ұйымдастыруымен «Таза қала» іс-шарасы өтті. Онда партия өкілдері тұрғындарды қоршаған ортаны қорғауға, табиғатты аялауға шақырып, ҚХП сайлауалды бағдарламасын таныстырды.

Акцияның басты мақсаты – қала тұрғындарын қоршаған ортаны қорғауға, қаланы қоқыстан тазартуға тарту. Шарада қатысушылар ағаш көшетін отырғызып, қаланың көгалдануына өз үлесін қосты.

– Халық партиясы Қазақстанның барлық қаласында сәулет ерекшелігін және оның тарихи құндылығын ескермей, ретсіз әрі тығыз салынатын құрылысқа қарсы. Сондай-ақ, қалалар мен ауылдардағы таза ауа мен сәулетті келбетті қолдайды, – деді

ұйымдастырушылар.

Айта кетейік, партияның қалалық филиалы сайлауалды үгіт-насихат жұмысы аясында 8 мың адамды қамтыған елуге тарта іс-шара өткізген. Сонымен қатар Халық партиясының сайлауалды бағдарламасын таныстырып, Шымкент жұртының талап-тілегін назарға алған.

Іс-шарада білім, денсаулық, жұмыссыздық пен көпбалалы аналар мәселесі де айтылды.

– Әйелдерге барлық салада қолайлы жағдай жасау –

партияның алдағы бес жылда атқаратын ісі. Біріншіден, әрбір қазақстандық әйел ана бақытын сезінуі керек. Ол үшін барлық жағдайды жасаймыз. Дені сау ана – дені сау балалар. Бүгінгі біздің міндетіміз – оларға көмектесу және қолдау көрсету. Ана болу – әйелдің басты мақсаты, – деді Г.Танашева.

Сондай-ақ, акция барысында ұйымдастырушылар жастарды отансүйгіштікке шақырып, 19 наурызда болатын сайлауға белсенді қатысуға шақырды.



ҚАЛА ПОЛИГОНЫ АЛАНДАТАДЫ

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттығына үміткер Жанат Саматқызы және Маңғыстау облыстық мәслихатының депутаттығына үміткер Серік Ғұсман Ақтау қаласынан 20 шақырым жерде орналасқан полигонның бас жоспарымен танысты.

Ақтау қаласы мен Мұнайлы ауданының барлық қатты тұрмыстық қалдығы осында тасымалдануда. Полигонда техника мен қажетті құрал-жабдықтың жетіспеушілігі байқалады. Жалпы өңірде қатты тұрмыстық қалдықты жинаумен және шығарумен айналысатын кәсіпорындар саны 20-дан асады.

Қоқыс полигоны 2016 жылы пайдалануға берілген. Алғашында «Көктем»

МКК балансында болды. Қазіргі уақытта полигон орналасқан жер учаскесі «Маңғыстау жылу» МКК қарайды. Ал тұрмыстық қатты қалдықтарды қабылдау және сұрыптауды жеке кәсіпкермен жасақталған келісімшарт негізінде жүргізіледі. Ақтау қаласы Мұнайлы ауданына қарасты Батыр, Атамекен, Баянды, Түпқараған ауданы Ақшұқыр ауылынан күніне 1000-1300 куб қоқыс жет-

кізіледі. Қалдықтардың 70 пайызы қайта өңдеуге жіберілсе, қалған 30 пайызы жарамсыз қоқыс күйінде қалып отыр.

Маңғыстау өңірінде қатты тұрмыстық қалдықтарды жинау, сұрыптау және қайта өңдеудің тұтас инфрақұрылымын құру, сондай-ақ полигондарды нормативтік талаптарға сай етіп жасақтау әзірге тек қағаз күйінде қалып отырғанына үміткерлер қатты алаңдайды.



КЕДЕНДЕ КЕДЕРГІ КӨП

ҚР Парламенті Мәжілісінің VII шақырылым депутаттары, «Ақ жол» партиясы төрағасы Азат Перуашев пен партия төрағасының орынбасары Қазыбек Иса Алматыдағы сайлаушылармен кездесті.

Қазір Қытайға жүк көлігімен тауар тасушылар үлкен тосқауылға ұшырап, жұмысы кері кетуде. Қорғас, Бақты, Майқашпағай, Нұрлы жол кедендерінде шетелге көлік кіргізуді электронды кезек арқылы жасап қойған. Бар мәселе осы электронды кезектен туындап отыр. Қапталған кезектің шеті-шеті көрінбейді. Қазақстандық жүргізушілер кезегін айлап күтеді. Ал Ресей мен Белоруссияның қуатты логистикалық компаниялары жүргізушілері кезексіз кіріп-шыға береді, оларға тосқауыл жоқ.

– Әрқайсымызда әрі кетсе 5-6 жүк көліктен бар, сондықтан Ресей,

Белоруссия компанияларымен бәсекелесе алмаймыз. Қазір кезекте тұрғанымызға екі-үш айдан асып кетті. Өткенде менің кезегім 14 ақпанда еді, енді ол екі айға кейін шегеріліп отыр. Шетел компаниялары 100 мың теңге беріп, кезегін алға жылжытып жатқаны көп, қайдағы электронды кезек бұл?! Босқа тұрған әр күн үшін әр машинадан 100 доллар ұсталады. Шығынымыз қазір миллионнан асып кетті. Бұл тығырықтан шығу үшін пандемия кезінде енгізілген электронды кезекті алып тастап, жанды кезекке ауысу керек немесе 4 кеден бекетіне де кезекке

тұра беруге рұқсат берілуі тиіс. Ал қазір бір кеден бекетінде кезекке тұрсаң, қалған үш кеден бекетіне кезекке тұра алмайсың. Қаңтарылып, айлар бойы кезек күтесің, – дейді қазақстандық көлік иелері.

Шетелден тауар алып келетін көлігіміз кеденде айлап күтіп, кептелісте тұрған соң, азық-түлік пен түрлі тауарымыз қымбаттамағанда қайтеді?! Сондықтан «Ақ жол» партиясы төрағасы Азат Перуашев арызданушылар шағымына байланысты бұл мәселені тиісті орындарға жеткізіп, шешілу жолын қарастыратын болды.



ӨМІР САПАСЫН ЖАҚСARTU MAҢЫЗDY

Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясы атынан Парламент Мәжілісінің депутаттығына кандидат Әбдукамал Әшімбеков «Кентау трансформатор зауыты» АҚ жұмыскерлерімен, сондай-ақ Түркістан облысы сайлаушыларымен кездесті.

Кездесу барысында кандидат жиналған қауымға партияның сайлауалды бағдарламасының басым бағытын баяндады. Атап айтқанда, партияның сайлауалды бағдарламасында жаңа Еңбек кодексін қабылдау туралы тармақ бар екенін атап өтті. Құжатта еңбек шартын жасасу кезінде жұмыскерлер мен жұмыс берушілердің толық теңдігі қамтамасыз етілетін қағидат бар. Сонымен бірге, Әбдукамал Әшімбеков өз сөзінде жастарды жұмысқа орналастыру бойынша аталмыш өңірдің артта қалып жатқанына тоқталды.

«Ел халқының өмір сапасын жақсарту – мемлекеттің басым бағытының бірі. Әлем бойынша статистикалық деректерде жағдайымыз мез емес. Өмір сапасын арттыруға бірнеше фактор әсер етеді. Жұмыссыздық мәселесімен қатар, жемқорлыққа қатысты мәселелерді түбегейлі шешпейінше, мемлекеттік басқару жүйесін қалыпта жүзеге асыру мүмкін емес. Жемқорлықпен күресті күшейту керек. Парақорларға қатысты жазаны қатайтып, мерзімінен бұрын босату құқығынан айыру қажет. Мемлекетіміз басқа да көптеген ел

сияқты сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оны болдырмау мақсатында қарқынды жұмыс жүргізіп жатыр. Жемқорлықты жеңіп, мемлекеттің басқару жүйесін ауыстыру арқылы елдің экономикалық гүлденуіне қол жеткізуге болады» деді кандидат.

Осылайша, партия мүшелері өмір сүру сапасының стандартын әзірлеу және енгізу мәселесіне Парламентте бастамашылық жасауға ниетті. Кездесуде кандидаттар сайлаушыларды партияның сайлауалды бағдарламасымен таныстырды.

ЗАҢСЫЗ ЖОЛМЕН БАЮҒА ТОСҚАУЫЛ ҚОЙЫЛА МА?

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев елімізде құқық саласын реформалауға баса назар аударып отыр. Осы тұрғыда ол әділ сот төрелігін қамтамасыз ету мақсатында сот жүйесін біртіндеп және жүйелі жаңартуды, әділдікті қалпына келтіру үшін елден заңсыз шығарылған барлық активтерді қайтару керектігін тапсырды. Түптеп келгенде, бұл конституциялық реформаларды жүзеге асырудың негізі болмақ.



Таңатар
ТӨЛЕУҒАЛИЕВ

Осыған орай Қазақстан Үкіметінде Президент Әкімшілігі, Ұлттық банк және Бас прокуратура басшыларының қатысуымен Мемлекет басшысы алға қойған міндеттерге сәйкес елден заңсыз шығарылған активтерді кері қайтару туралы экономикалық саясат кеңесі өтті. Мұнда осыған ықпал еткен шарттарды жойып, ерікті түрде қайтаруға ынталандыру, олай болмаған жағдайда мәжбүрлі түрде қайтару бастамасын көтеру нормалары қарастырылды.

ТАБЫСЫН ТҮСІНДІРУІ ТИІС

Жасыратыны жоқ, бір кезде жең ұшынан жалғасу арқылы сыбайлас жемқорлықпен ұстағанның қолында, тістегеннің аузында кеткен халықтың ұшан-теңіз байлығы ыңғайын тауып шетел асып жатты.

Елде жүргізіліп жатқан реформалар енді осылардың бас-аяғын түгендеп, сұрау салуға мүмкіндік беріп отыр.



Елде жүргізіліп жатқан реформалар енді осылардың бас-аяғын түгендеп, сұрау салуға мүмкіндік беріп отыр. Әр нәрсенің де сұрауы болады. Кейінгі кезде елде жаппай декларация тапсыру мәселесі де дендеп қолға алынуда. Енді бұдан былай осыған қатысты барлық адамдардың шектеулі тізілімін жасау жоспарлануда. Егер активтердің иесі олардың қалай келгенін, қандай жолмен тапқанын растай алмаса, ол негізсіз сатып алынған деп танылып, мемлекет меншігіне қайтарылуы тиіс

Әр нәрсенің де сұрауы болады. Кейінгі кезде елде жаппай декларация тапсыру мәселесі де дендеп қолға алынуда. Енді бұдан былай осыған қатысты барлық адамдардың шектеулі тізілімін жасау жоспарлануда. Егер активтердің иесі олардың қалай келгенін, қандай жолмен тапқанын растай алмаса, ол негізсіз сатып алынған деп танылып, мемлекет меншігіне қайтарылуы тиіс.

Бұл жөнінде экономист Айтұрат Нұртасов былай дейді.

— Қазір халық Жаңа, Әділетті Қазақстан деген идеяны толық қолдап отыр. Президенттің өзі айтқандай, біз терезесі тең қоғамда өмір сүруіміз керек. Мемлекет байлығы белгілі бір топқа емес, барша жұртшылыққа бірдей болып, адамдар елдегі экономикалық игіліктерді теңдей көруі керек. Сондықтан мен елдегі кейінгі кезде, нақтырақ айтқанда, референдумнан кейінгі қолға алынып жатқан іс-шараларды толық қолдаймын. Шенеуніктер ұлан-асыр кірсінің шығу тегін түсіндіре алмаса, қаржысы тәркіленіп, Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыруға бағытталған жобаларды қаржыландыруға жұмсалсын.

Мұндай заңсыз баюмен күресу шаралары өзге мемлекеттерде бұрыннан бар. Оның үстіне Қазақстан 2008 жылы БҰҰ-ның сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясын ратификациялады. Бұл жауапкершілікті одан сайын күшейтеді. Халық көрмей отыр ма, біреулер сән-салтанаты келіскен үлкен үйде тұрады. Жол талғамайтын көліктері мінелі. Балалары шет елде оқиды. Еуропада демалады. Ал екінші біреулер бала-шағасын шақ асырап, бірді-бірге әрең жеткізіп, өлместің күнін кешіп жүр.

ҚАРЖЫЛЫҚ БАҚЫЛАУ КҮШЕЙДІ

Мойындау керек, шекара асып кеткен қаржыны қайтару оңай шаруа емес. Бұл тұрғыда ең бірінші заңдық негіздер қалануы қажет. Халықаралық ұйымдармен байланыс орнатылып, офшорлармен қаржылық ақпарат алмасатын мүмкіндіктер де жолға қойылғаны жөн. Елде бас прокуратура жанынан арнайы комиссия құрылды. Міне, сөйтіп, сыбайлас қылмыспен күрес қатаң жолға қойылды. Осындай іс-шаралардың арқасында қазір елге 630 миллиард теңгедей қаржы қайтарылып отыр. Бұл жұмыс алдағы уақыт-

та заңдық тұрғыдан кешенді түрде жалғасын таба береді. Тіпті кейінгі кезде мемлекет бюджеттің бүйірін толтырып, көлеңкелі экономиканың аяғына тұсау салу мақсатында жалпыға бірдей декларация тапсыруды енгізіп отыр. Осыған орай 2022 жылдан бастап мемлекеттік қызметкерлер және оларға теңестірілген қызметкерлер жұбайларымен; 2023 жылдан бастап бюджет саласы қызметкерлері мен квазимемлекеттік сектор қызметкерлері және олардың жұбайлары; 2024 жылдан бастап заңды тұлғалар мен олардың құрылтайшылары, жеке кәсіпкерлер және олардың жұбайлары; ал 2025 жылдан бастап барлық азаматтар декларация тапсырады.

ҚР Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитеті басшысының орынбасары Айнур Сартаеваның айтуынша, бұл адамдардың барлығын тексеру деген сөз емес екен. Қазір қалай бар сол күйінде азаматтар жұмысын істеп, тірлігін жасап жүре береді. Салығын уақытылы төлеп тұрса, оларда ешқандай мәселе болмайды. Ал осындай мемлекеттік қызметте істеп, белгіленген жалақы алатын адамдар қымбат көлік мінсе, сәулетті үйде тұрса, немесе отбасымен шетелдерде жиі демалатын болса, тапсырған декларациясы талапқа сәйкес келе ме, келмей ме, мемлекет соны ғана тексеруге мүдделі болады. Әрі ол сол табыстарды қандай жолмен тапқанын нақты көрсетуі талап етіледі.

«Расы керек, шетелде активтері бар адамдардың көбі қазір елде жоқ. Егер біз отанынан қоныс аударғандардың активтері мен дүние-мүліктерін мемлекетке қайтару жайын ойлайтын болсақ, заңдық тұрғыда қабылданған құжаттар негізінде жүйелі жұмыстар жүргізуіміз керек. Өйткені өткен жылы бүкіл халық болып конституцияға енгізілген өзгерістер әділеттілікке жол ашқан, халықтың жоғын жоқтап, мұның мұндаған тұжырымдар болды. Енді оны өмірде жүзеге асыру аса маңызды» дейді саясаттанушы Жоломан Бейсенов.

БӘРІ ИГІЛІККЕ ЖҰМСАЛМАҚ

2023 жылдың бірінші тоқсанынан бастап құзырлы мемлекеттік органдар жаңа салық кодексіндегі байлыққа салынатын салықты жетілдірмекші. Осыны Парламент қабырғасынан



Заңсыз баюмен күресу шаралары өзге мемлекеттерде бұрыннан бар. Оның үстіне Қазақстан 2008 жылы БҰҰ-ның сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясын ратификациялады. Бұл жауапкершілікті одан сайын күшейтеді. Халық көрмей отыр ма, біреулер сән-салтанаты келіскен үлкен үйде тұрады. Жол талғамайтын көліктері мінелі. Балалары шет елде оқиды. Еуропада демалады. Ал екінші біреулер бала-шағасын шақ асырап, бірді-бірге әрең жеткізіп, өлместің күнін кешіп жүр

өткізіп, заңдық тұжырымын бекітіру үлкен шаруа болып тұр. Қазақстанның Ұлттық экономика министрі Әлібек Қуантыров бір сөзінде «Негізі байлыққа салынатын салық 2024 жылдан басталады. Қазір жаңа салық жобасымен пәрменді деп саналып, байлық салығын салу көзделді. Осы бағытта бізге қазір енгізіліп жатқан кіріс пен шығыс қаражатты бақылайтын декларациян көмектесетін болады» дегені бар.

Бұған дейін негізсіз байығаны үшін жауапкершілікті енгізу заңнамасын жетілдіру жайы сөз болды. Сондай-ақ «фискалдық және мансаптық санкцияларды күшейту керек» деген пікірлер де айтылуда.

Әйтпесе, елде кедей мен байдың арасы жер мен көктей алшақтап кетті. Қолында барлар дүниені шайқап төгіп, байығанның үстіне байып барады. Міне, осыған тосқауыл қою үшін азаматтардың сыбайлас жемқорлықпен күреске қатысуы миллиардтаған қаржыны жымқыру мен бақылаусыз қалуын тоқтатып қана қоймай, сонымен қатар лауазымды тұлғалар тарапынан заң бұзушылықтың алдын алуға, түрлі жобаның жүзеге асырылуын қамтамасыз етуге көмектесер еді» дейді қаржыгер Сымбат Сағидоллаева.

Сең қозғалды. Заңсыз жолмен байығандар мен қомақты қаражатты халықтан жасырып, офшорларға тыққандардың ақшалары елге жаппай қайтарылатын күн алыс емес сияқты. Осы негізде басталған тың реформалар аясында жүзеге асырылып жатқан жағымды жаңалықтарды көпшілік қуана қолдауда. Әсіресе, оларға Мемлекет басшысының: «Қайтарылған барлық қаражат азаматтардың игілігіне жұмсалуда тиіс. Бұл қаржыны жоғары технологиялы өндіріс орындарын ашуға, мектептер мен ауруханалар салуға, әлеуметтік жобаларды жүзеге асыруға пайдалану керек» деген сөзі қуаттандыра күш беріп отыр.

2007 жылдың 1 қаңтарынан бастап Қазақстанда жүзеге асып келе жатқан алқабилер соты – сот төрелігін жүзеге асыру нысандарының бірі. Алқабилер сотының болуы сот төрелігінің және қоғамның жоғары демократиялығын көрсетеді. Алқабилер алқасының міндеті – процеске қатысушылар ұсынған дәлелдемелердің негізінде адамның кінәлілігін немесе кінәсіздігін анықтау. Олар істі құқықтық тұрғыдан емес, өмірлік тәжірибе, адамгершілік, даналық тұрғысынан бағалайды. Ал жазаның өзін «ар-ожданымен» шешім қабылдайтын қарапайым адамдардың кесімі негізінде кәсіби заңгер – судья анықтайды.

АЛҚАБИ – АБЫРОЙЛЫ МІНДЕТ

Астана қаласының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотында 2023 жылдың алғашқы екі айында алқабилердің қатысуымен 2 қылмыстық іс қаралып, айыптау үкімі шығарылды.

Кейінгі кезде сот қызметкерлері азаматтық борышын өтеу мақсатында азаматтарға құқықтық түсіндіру жұмыстарын жүргізуде. Алқабилер деген кімдер? Көпшілік адамдар оған мән бере бермейді. Негізі Алқабилердің тізімін облыстағы сайлаушылар тізімін негізге ала отырып облыс әкімдігі ұсынады. Осы тізімге енгізілген, одан шығаруға заңды негізі жоқ азаматтардың өз міндеттерін орындаудан бас тартуға және сот төрелігін жүзеге асыруға қатыспауға құқығы жоқ. Сот отырысының басталатын орны мен уақыты туралы хабарлама алған азаматтар алқабилерді іріктеу рәсіміне қатысу үшін сотқа келуге міндетті. Азаматтың алқаби міндеттерін орындау үшін сотқа шақырылған уақытта себепсіз келмеуі Қазақстан заңында белгіленген ескерту немесе 10 айлық есептік көрсеткіш көлемінде айыппұл салу түрінде жазалануы мүмкін.

Сондай-ақ алқабилерге кандидаттардың тізіміне алқабилердің тізімін жасау кезінде жиырма бес жасқа толмаған; өтелмеген не алынбаған сотталуы бар; сот әрекетіне қабілетсіз немесе әрекетке қабілеті шектеулі деп таныған адамдар; судьялар, прокурорлар, тергеушілер, адвокаттар, мемлекеттік қызметшілер мен әскери қызметшілер, сондай-ақ құқық қорғау органдарының қызметкерлері; психикалық, мінез-құлықтық, оның ішінде психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынуға байланысты бұзушылықтарының (ауруларының) себебі бойынша денсаулық сақтау ұйымдарында есепте тұрған адамдар енгізілмейді.

Алқабилікке үміткерлер тізіміне азаматтарды енгізу барысында олардың шығу тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүлкілік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымна тұрғылықты жеріне немесе кез келген өзге мән-жайларға байланысты қандай да бір шек қоюға жол

берілмейді. Қылмыстық іс жүргізу тілін білмейтін; дене немесе психикалық кемістіктеріне байланысты алқабилердің қызметін атқара алмайтын; алпыс бес жасқа асқан егде адамдар және дін қызметкерлері жазбаша өтініші бойынша алқабилерге кандидаттардың тізімінен шығарылады.

Тағы бір айта кетерлігі, аса ауыр қылмыс жасады деп айыпталған адам істі алқабилердің қатысуымен қарау туралы сотқа өтініш жасауға құқылы. Судьяның қаулысымен алқабилерді іріктеу рәсіміне қатысуға шақырылатын үміткерлер саны, негізгі сот талқылауының күні мен уақыты айқындалады. Үміткерлер тізімі жыл басында бекітілген тізімнің ішінен автоматты түрде іріктеледі. Алқаби ретінде қылмыстық істі қарауға қатысқан адамдарға бюджет туралы хабарлама алған азаматтар сот және оған теңестірілген сот судьясының (1 жылға дейін өтілі бар) лауазымдық жалақысының жартысы мөлшерінде, бірақ алқабидің сотқа қатысу уақытына (жұмыс күнінің санына) барабар, оның негізгі жұмыс орны бойынша орташа жалақысынан кем емес мөлшерде сыйақы төленеді.

Сондай-ақ іссапар шығындары төленеді, ол үшін шығындар туралы қажетті құжаттарды жиырма бес жасқа толмаған; өтелмеген не алынбаған сотталуы бар; сот әрекетіне қабілетсіз немесе әрекетке қабілеті шектеулі деп таныған адамдар; судьялар, прокурорлар, тергеушілер, адвокаттар, мемлекеттік қызметшілер мен әскери қызметшілер, сондай-ақ құқық қорғау органдарының қызметкерлері; психикалық, мінез-құлықтық, оның ішінде психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынуға байланысты бұзушылықтарының (ауруларының) себебі бойынша денсаулық сақтау ұйымдарында есепте тұрған адамдар енгізілмейді.

Алқабилікке үміткерлер тізіміне азаматтарды енгізу барысында олардың шығу тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүлкілік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымна тұрғылықты жеріне немесе кез келген өзге мән-жайларға байланысты қандай да бір шек қоюға жол

Қамажай ӨМІРОВА,
Астана қаласы
қылмыстық істер
жөніндегі мамандандырылған ауданаралық
сотының кеңсе
менгерушісі



ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ НЕГЕ АЗАЙМАЙ ОТЫР?



– Әсел Серікқалиқызы, тұрмыстағы зорлық-зомбылық көбеймесе, азаятын түрі жоқ. Күйеуі әйелін ұрып өлтіріпті немесе бала зорланды, қыз балаларға әлімжеттік жасалды деген ақпаратты жиі көруге болады. Мұның себебі неде деп ойлайсыз?

– Бұған басты себеп ретінде адамдардың білім сапасының нашарлауы дер едім. Соңғы он-он бес жылдың төңірегінде, байқасаңыз, білім сапасының төмендеуіне байланысты түрлі зорлық-зомбылық әрекеті көбейді. Ғаламтор арқылы адамдар тексерілмеген, жалған ақпаратқа аражігін ажыратпай жатып-ақ сене бастайды. Бұл дегеніңіз ақыл-есі жетілмеген кішкентай бүлдіршіннің қолына қару ұстатқанмен бірдей. Ғаламтордағы тексерілмеген ақпаратпен шала сауатты адам не істерін білмейді немесе оны таратады, сөйтіп, қоғамдағы ахуалды одан сайын күрделендіріп жібереді. Мұның бәрі мәліметтің ақ-қарасын аңғармаудан, білімсіздіктен туады деп ойлаймын.

– Зорлық-зомбылық фактілері азаю үшін қоғамда не істеу керек, мемлекет тарапынан қандай іс-шаралар жүргізілуі керек деп ойлайсыз?

– Менің ойымша, ең алдымен, заңды қатаңдату керек, екіншіден, ағарту-насихат жұмысын көбейту қажет. Педофилия қайдан пайда болды, қауіп неде, олармен қалай күресу керек дегенді үйретпесе болмайды. Соңғы уақытта сексуалдық революцияның кесірінен отбасы институты мүлдем құлдырап кетті деуге болады. Сондықтан ағарту жұмысын жүргізіп, ұлттық, отбасылық құндылықтар туралы, әсіресе ауылдық жерлерде тұрғындармен кездесіп, жиі айтылуы керек. Ересек адамның еркектің жас балаға әлімжеттік жасап, зорлауы деген – бұрын-соңды ұлттық менталитетімізде болмаған жантүршігерлік жағдай. Мұның бәрі – ұлттық құндылықтардың құлдырауынан, отбасы институтының жұмыс істемейтінінен. Тағы да айтамын, мұнымен күресудің жолы бар. Зандарды қатайту, адамдарды тәртіпке бағынатын жағдай қалыптастыру және ағарту бағытында үзбей, тынбай жұмыс істеу. Отбасындағы ұрыс-керіс, жанжалды айтудан адамдар қашпауы керек, психолог мамандарға барып, өзекті мәселелерін шешу жолын ақылдаса келе шешсе, ұтымтайтыны анық. Себебі біз арнайы зерттеп қарағанымызда, осындай зорлық-зомбылық орын алған отбасында ашықтық, жариялылық жетіспейді, үндемегеннен, қауіпті жасырғаннан ол одан әрі қарай ұшыға түспесе, жеңілдемесі анық.

– Балаларға қатысты педофилия қайдан шықты, қандай түрлері бар және оны қалай жоюға болады?

– Педофилия – туа біткен немесе жүре келе пайда болатын психологиялық ауытқу. Яғни кішкентай баланы сексуалды объект ретінде қарастырады. Яғни психологиялық ауытқуы болмай, педофилияны жүзеге асырған адам өзі жас кезінде педофилияның құрбаны болғанын білуге болады немесе қасақана адамның қызығушылық мақсатында жүзеге асырған қылмыстық әрекеті. Мұның алдын алудың жалғыз жолы – ағарту іс-әрекетін жүргізу. Ересек

Соңғы кездері бұқаралық ақпарат құралдарындағы жаңалықтардан, әлеуметтік желілерден «күйеуі әйелін ұрып өлтіріпті» немесе «баланы зорлап кетті» деген ақпарат жиі айтылады. Қоғамдағы құқық бұзушылыққа бұдан әрі тезе беруге, бұл сұмдық әрекеттерге көз жұма қарауға болмайды. Ел болып, әлсіз жандарға жасалатын тұрмыстық зорлық-зомбылықты тоқтату мақсатында мемлекет деңгейіндегі шаралар қолға алынбаса, «111» жедел қызметіне әйелдер мен балаларға жасалған зорлық-зомбылық туралы күнделікті түсетін қоңыраулардың тіпті толастайтын түрі жоқ. Біз бүгін психолог-маман Әсел ЖҰБАНЫШЕВАДАН педофилия дегеніміз не, қайдан пайда болады, қоғамда кең етек алған тұрмыстық зорлық-зомбылықты қайтсек болдырмаймыз деген тақырыпта сұхбаттасқан едік.

адамдармен ғана емес, балаларға өзін-өзі қалай қорғау керекін үйреткен дұрыс. Көбі кішкентай кезіндегі ересектер тарапынан болған осындай келеңсіз әрекеттерді жасыруға тырысады, айтпаудың ақыры қайғылы аяқталатыны екіншісі. «Ұят болады!» деген сөз біздің қауіпсіздігімізге, бала тәрбиесіне қатысты орынсыз жерде қолданылатынын айтуымыз қажет. Ауруды жасырмау керек, ашығын айтып, әшкерелеу арқылы қаншама жастың болашағына балта шабылмас еді, тағдыры тас-талқан болмас еді деп ойлаймын. Сондықтан ағарту, түсіндіру жұмысын тек әйелдер арасында ғана емес, ерлер, балалар арасында өткізудің де маңызы зор.

Жас балаларды зорлау (ҚР ҚК 120-б., 4-б.) және нәпсіқұмарлық сипаттағы күш қолдану әрекеттері (ҚР ҚК 121-б., 4-б.) үшін оларды 20 жылға бас бостандығынан айыру не өмір бойы бас бостандығынан айыру (бұрын 17 жылдан 20 жылға дейін не өмір бойы бас бостандығынан айыру) көзделген. Бұл ретте көмелетке толмағандарға жасалған жыныстық қылмысы үшін жазасын өтеген адамдарға әкімшілік қадағалау мерзімі бес жылға дейін ұзартылады делінген ПМ мәліметінде.



Жас балаларды зорлау (ҚР ҚК 120-б., 4-б.) және нәпсіқұмарлық сипаттағы күш қолдану әрекеттері (ҚР ҚК 121-б., 4-б.) үшін оларды 20 жылға бас бостандығынан айыру не өмір бойы бас бостандығынан айыру (бұрын 17 жылдан 20 жылға дейін не өмір бойы бас бостандығынан айыру) көзделген. Бұл ретте көмелетке толмағандарға жасалған жыныстық қылмысы үшін жазасын өтеген адамдарға әкімшілік қадағалау мерзімі бес жылға дейін ұзартылады



– Шетелмен салыстырғанда бізде бұл мәселенің шешілуі қалай? Адамдарға өз құқығын білу тұрғысында тағы қандай кеңестер керек?

– Дамыған мемлекеттерде заң қатал, мысалы, Біріккен Араб Әмірліктерінде зорлық-зомбылық жасаған адам ең қатал үкім – ату жазасына кесіледі. Заң қанша қатаң болғанмен, оларда қылмыс жоқ деуге болмайды, бірақ жазасы қатаң болғандықтан, қарапайым адамдарда заңды бұзушылық өте аз кездеседі, халық мемлекеттің заңын құрмет тұтады және оның талабын мүлтіксіз орындайды. Заң қатал болған сайын тәртіпке бағыну да күшейе бермек.

– Тұрмыстағы зорлық-зомбылық мәселесі түбегейлі шешілуі үшін мүмкін ғаламторды немесе кейбір телеарнаның қызметін шектеу керек болар, қалай ойлайсыз? Бұл мәселені жақсартудың тағы қандай жолдары бар?

– Жалпы, әлемдік практикада бұғаттау, көрсетпеу, жасыру, рұқсат бермеу деген ешқашан ешкімге жеңілдік әкелмеген, ол мәселені шешпеуі мүмкін. Менің ойымша, қоғамда осындай келеңсіздіктер болса, оны бұғаттап, жауапқа тартудың орнына оның себебі қандай, салдары туралы ашық диалог құру керек деп есептеймін. Бұғаттау арқылы оның осы қылмысқа қызығушылығын қайта өршітіп алуымыз да мүмкін. Көмелетке толмаған балаларға, жасөспірімдерге белгілі бір жағдайда ата-ана тарапынан қадағалау керек болар, бақылау, әрине, қажет, ал ересектер өздігінен қандай қылмыс жасаса, қандай жауапкершілік болатынын білуі, сезінуі тиіс. Қалай болғанда да қоғамдағы келеңсіздіктер, жантүршігерлік түрлі оқиғалар біздің – сіз бен біз өмір сүріп отырған ортада, өзіміздің тәуелсіз мемлекетімізде болып жатқанын ұмытпауымыз қажет. Меніңше, халық арасында осы тақырыптағы ағарту жұмысын теледидар, газет, радио, әлеуметтік желі арқылы кеңінен насихаттау керек. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демеуші, күрмеуі қиын күрделі осы мәселеге бей-жай қарамай, бірлесе отырып аталыссақ, үлкен нәтижеге қол жеткізер едік, қылмыстың азаюына септігі тиер еді деп ойлаймын.

Сұхбаттасқан
Гүлшат САПАРҚЫЗЫ



...НАШАР МАМАН ҚАЙДАН ШЫҒАДЫ?

Бүгінде журналистер, жауапты қызметкерлер және қарапайым адамдар мамандарды сапасыз даярлау ісі жөнінде түрлі әңгімелер мен шағымдарды жиі айтатын болды. Бұл шынымен де солай ма, әлде басқаша ма? Жалпы жағдайды түзеп, жақсарту үшін не істеу керек?

Мәселенің мән-жайын ашып көрсету үшін біз өз ойымызбен бөлісуді жөн көрдік. Ал көзіқарақты оқырмандар мен уәкілетті мемлекеттік органдардың өздері қорытынды жасап, ой түйетін шығар.

Басқасына тоқталмай, бір ғана мәселені – жеке білім беру ұйымдарының мақсаттары мен міндеттерін қарастырып көрейік.

Әуелі азын-аулақ статистика мәліметтеріне назар аударғанымыз абзал.

Ресми деректерге сөйкес, Қазақстан Республикасында 2022-2023 оқу жылының басында студенттер саны 578,2 мың адамды құраса, оның 77 пайыздан астамы жеке жоғары оқу орындарында оқиды.

Жоғары білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын ұйымдардың жалпы санының 72,4 пайызы – жеке меншікте, мемлекеттік – 25,9 пайыз, 1,7 пайызы шетелдік жеке меншікте екен. Осылайша, білім беру ұйымдарының басым көпшілігі жекеменшік екені белгілі.

Ендіше білім беру ұйымдарының басты мақсаты – пайда табу екені де бүкпесіз шындық. Ол үшін біреуді айыптаудан немесе жазғырудан аулақпыз. Анығын айтқанда, жеке білім беру ұйымдары кәсіпкерліктің бір түрі ретінде қалыптасып, толыққанды дамығысы келеді. Әрине, ол үшін қомақты қаржы керек. Білім беру қызметтерін ұсыну – адамдарды тартудың және осылайша пайда табудың бір тәсілі.

Осы тұста әр түрлі жолмен, кез келген тәсілмен ЖОО-ларды ашуға лицензия алу, біліктілігі жоқ оқытушылардың оқу бағдарламаларындағы тесіктерді толтыруға бейімделуі, профессорлық-оқытушылық құрам лауазымдарына кандидаттарға қойылатын біліктілік талаптарын азайту, ПОҚ-ға және білім алушылардың өздеріне қойылатын талаптарды төмендету жағына қарай үнемі өзгерте беру, қайта түзеу белен алады. Тиісінше, оқу процесінің деңгейі төмендейді, ал нәтижесінде бүгінгідей сапасы сұранымға сай келмейтін қабілетсіз мамандар шығады.

Жоғары оқу орындарында жүргізілетін ғылыми жұмыстардың жағдайын сөз етер болсақ, ол жағы да оңып тұрған жоқ. Ғылыми жұмыстардың жоспарын қараудың өзі жеткілікті, тіпті аталмыш тақырыптан бейхабар адамның өзіне жекелеген оқу орындарының терең түңғықтың алдында тұрғанын ұғу қиын емес. Ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысатын адамдар көбінесе ғылыми жұмыстарды зерттеу жұмыстарынан ажырата алмайтынын қалай түсіндіруге болар екен?

«Бүкіл әлемде жеке білім беру ұйымдары бар және олар өз мемлекетінің дамуына елеулі үлес қосуда» деп бізге қарсы шығушылар да табылуы абден мүмкін. Иә, солай, одан да хабардармыз. Алайда Қазақстан әділ мемлекет құру кезеңінде тұр, біз өзіміздің жоғары білікті, бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау

мектебін тезірек қалыптастырып, дамытуымыз қажет.

Ол үшін, біздіңше, кадрларды даярлау жүйесін мемлекет қатаң бақылауға алып, білім мен ғылым саласына бөлінетін орасан зор қаржыны барынша тиімді пайдалануға тиіс. Сондықтан мемлекеттік деңгейде барлық жеке жоғары және орта білім беру ұйымдарын аттестаттаудан өткізу, қалған бірқатарына тең құрылтайшылар ретінде кіру, олардың аяққа тұруына көмектесу, содан кейін белгілі бір академиялық дәстүр қалыптасып, жоғары оқу орындары мамандарды сапалы даярлау рельстеріне берік және тиянақты тұрып алған соң, оларды өз бетінше жұмыс істеуге жіберу ұсынылады.

Осы мүмкіндікті пайдалана отырып, мамандарды даярлау үшін маңызды мәнге ие жағдайларға да назар аударғанымыз келеді. Бұл – жұмысқа орналасатын оқытушыларға қойылатын талаптар мен олардың қатаң орындалуы.

Қазір оқытушылар ретінде жұмысқа қабылдау кезінде кандидаттар Бас прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінен соттылығының жоғы туралы анықтама ұсынады. Мұнда соттылық пен қылмыстық жауапкершілікке тарту арасындағы айырмашылық сияқты маңызды факт назардан тыс қалады.

Мысалы, адам қандай да бір қылмыстық іс-әрекет жасаса да, кінәсін жоққа шығармайды, бірақ оның ісі әртүрлі негіздер бойынша сотқа дейін жетпеуі мүмкін (қылмыстық іс қозғаудан бас тарту, оны алдын ала тергеу сатысында, сотқа беру сатысында, тараптардың татуласуына байланысты, жәбірленушінің өтініш жазудан бас тартуына байланысты, актінің шығуына байланысты доғару, рақымшылық туралы және басқа да көптеген себеп бойынша). Заңгерлердің тілінде іс ақталмайтын негіздер бойынша тоқтатылды, бірақ сот үкімі жоқ, сондықтан ҚСЖАЕК-ке соттылықтың жоғы туралы анықтама береді. Бұл дұрыс па? Біз дұрыс емес деп санаймыз. Сондықтан қылмыстық жауапкершілікке тартылған адамның немесе басқаның оқытушы лауазымында заңсыз жұмыс істейтіні туралы көп айтылатыны бар.

Сонымен, ПОҚ лауазымдарына кандидаттардың сұрау салу формасын қайта қарау және барлық жұмыс істейтін оқытушылардың жеке іс құжаттарын тексеру жүргізу қажет. Мүмкін, бәзбіреулер біз айттып отырған мәселені онша маңызды емес және мүлде маңызды емес, одан да маңызды сұрақтар бар деп ойлауы мүмкін. Бірақ сапалы, бәсекеге қабілетті кадрларды даярлау бұл мемлекетіміздің егемендігі мен қауіпсіздігін сақтау, халқымыздың әл-ауқатын қамтамасыз ету екенін ұмытпаған жөн.

Нұрғали МАМЫТОВ,
PhD докторы,
Дархан МЫНБАЙ,
Журналистика
академиясының академигі



Жалпы адамның атқарған қызметіне баға беретін – халық пен уақыт. Одан асқан сыншы жоқ. Ел-жұрт кімнің кім екенін жақсы таниды. «Халық айтса, қалт айтпайды» дейтіні де содан. Өзі қызмет істеген кезеңде мойнына жүктелген міндетті абыройлы атқарып, ісіне адалдығымен, еліне жасаған жақсылығымен танылып, уақыт сынынан сүрінбей өткендерді жұртшылық аңыз-әңгіме ретінде айтып жүретіні де содан. Адами қасиетті өмірінің темірқазығындай берік ұстанып, еліне адал қызмет етуі арқылы бүкіл ғұмырын халқының мүддесімен ұштастыра білген еңбек ардагері Еркін Дәуешұлы бүгінде жасы 85-ке келсе де, қоғамдық жұмыстан тыс қалған емес.

ҚОҒАМДЫҚ ТІЛШІНІҢ КЕЛБЕТІ

Мен алғаш Еркін Дәуешұлы сексенінші жылдың басында Ақмола облысы Сілеті ауданы партия комитеті үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі қызметінде болған кезде көрген едім. Ол кезде орыс билеген заманда таза қазақша сөйлеп, «командировкаға келген облыстық «Коммунизм нұры» газетінің жас тілшісі сенсің бе, жүр, кабинетке барып әңгімелесейік» деп мені бөлмесіне алып барды. Шашын шалқасынан қайырған, орта бойлы, ақ сары жігіт ағасы: «Бұл аудан жаңадан ашылып, совхоздар да жаңадан құрылып жатыр. Бізде қоғамдық тамақтандыру орындары жетіспейді, өзің тамақ іштің бе?» деді. Мен «жоқ» деп жауап бердім. «Онда жүр, шай ішеміз» деп мені үйіне ертіп келді. Сол таныстықтан кейін Ерекенмен етене араласып кеттік...

Ерекең тоқсаныншы жылдары Сілеті ауданы жабылған соң, өзінің туып-өскен жері Ақкөл ауданына келіп, осында аудандық оқу бөлімін басқарды. Бұл бұрынғы Алексеев ауданы болатын. Жергілікті халықтың 75 пайызы орыс

халқы еді. Осы ауданның ежелгі атауы Ақкөлді қайтаруда да Ерекеннің бармаған жері, баспаған тауы қалмады. Үкіметке, Парламентке, тіпті Президенттің атына хат жазып, әйтеуір мақсатына жетті. Осындай халықтық шарадан тысқары қалмайтын Еркін ағамыз Ақкөлдің тумасы, сталиндік репрессияның құрбаны болған атақты жазушы Жайық Бектұров есімін аудан орталығындағы орта мектепке беруге де тікелей араласып, мұрындық болды. Сөйтіп, Жайық Бектұровтың есімін туған жеріне мәңгі қалдыру мақсатында ойын жүзеге асырды. Бектұров туралы «Жаны жайсаң Жайық аға» деген кітап жазып, оқырманға тарту етті.

Ақкөл ауданының Еңбек ауылы – Кеңес Одағының Батыры Сағадат Нұрмағамбетовтің туған жері. Келесі жылы батырдың туғанына 100 жыл болады. Осыған орай, былтыр Ерекең Ақмола облысының әкімі Ермек Маржықбаевтың қабылдауына арнайы барып, батырдың мерейтойын атап өту жөнінде әңгіме қозғаған

болатын. Соның негізінде өткен жылы Еңбек ауылындағы Мәдениет үйі күрделі жөндеуден өтіп, ауылдың ішкі және кіреберіс жолдары асфальтталды. Енді Сағадат Нұрмағамбетовке туған ауылында ескерткіш орнату мәселесі тұр.

Ақкөл ауданындағы Амангелді ауылы – кіндік қаны тамған жер. Өзі оқу бөлімінің бастығы болып тұрған кезде облыс басшыларымен жағаласып жүріп, бұл ауылда екі қабатты қазақша орта мектеп салғызған болатын. Ауылдың тарихын келер ұрпаққа қалдыру үшін «Аулымды сағындым» атты естелік кітап жазды. Сосын ауылға ең қиындық тудырған мәселе көпір болатын. Осы проблеманы республикалық басшыларға жиі-жиі жазып, ақыры түйінді мәселе шешімін тапты.

Тұла бойына парасаттылық қасиетті берік қалыптастырған, халқына барынша адал қызмет етудің үлгісін көрсеткен Еркін Дәуешұлы ағамыз көнеңің көзі ретінде шежірелі сөз айтудан бір танған емес. Ол иығына артылған жүкті қара нардай

көтеріп, сындарлы сынақтардан сүрінбей өте білді. Елдің елдігі мен ауызбірлігіне жік түсірмей, тізгінді тең ұстаумен де ерекшеленген ағамыз бүгінге дейін аттан түспей келеді.

– Өткен өміріме өкінбеймін. Тоталитарлық тәртіптің құрбаны болып, талай қиындықты бастан кешірдім. Елімізде қызыл империя саясаты қатты жүрді ғой, соны да көзбен көрдік, – дейді Еркін аға. – Егемен ел болған соң, елдік қасиетіміз айқындалып жатыр. Атқаратын жұмыста көп. Мысалы, Жұмабек Тәшенев тарихтан өз орнын ала алмай жүр. Өткен жылы Аршалы ауданына Жұмабек Тәшеневтің атын беру жөнінде құрылған комиссиямен, аудан жұртшылығымен кездесіп қайттық.

Міне, осындай игі бастамалардың басы-қасында жүретін Еркін Дәуешұлы үлкен мақсаттарға жол ашатын қасиетімен ерекшеленеді. «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» дегендей, ол кісінің кенпешілігін, парасаттылығын, сабырлығын, салиқалығы мен

байсалдылығын айтып қатарластары ағамызды мақтан тұтады. Ерекен «Астана ақшамы» газетінің қоғамдық тілшісі ретінде үнемі басшылар бетінде өзекті мәселелерді қозғайтын тұшымды мақалалар жазды. Ол – «Құрмет» орденінің иегері, сондай-ақ «Ақкөл ауданының құрметті азаматы». Ол – Қазақстан Журналистер одағының және елорда Ардагерлер кеңесі медиатобанының мүшесі.

Ұлы ойшыл әл-Фарабидің «Әр дәуірдің өсіп-өркендеуіне адал еңбек еткен адам ғана абыройлы. Әркез халық мүддесін өзінің қара басының мүддесінен жоғары үшін күресе білген адам ғана қайраткер» деген қанатты қағидасы Еркін Дәуешұлы ағамызға арналып айтылғандай. Ол осы қағида үдесінде лайықты қызмет етіп келеді. Баршаға мейірілі шуағын шашқан Ерекең жұбайы Хамила Құлбекқызымен балалары мен немерелерінің қызығын көріп, бақытты ғұмыр кешуде.

Мағжан САДЫХАНОВ

ЖҮЗ ЖЫЛ БҰРЫН ҚҰРЫЛҒАН МУЗЕЙ ҚАЙДА?

Астана қаласы тақыр жерге пайда болған жоқ, Нұра-Есіл өзендерінің аралығында адамдар ертеден қоныстанған. Қаланың бай тарихы сонау ортағасырлық қыпшақ билеушісінің ордасы болған Бозоқ қаласының пайда болуынан бастау алады. Тәуке ханның жаз жайлауы болған, Кеңесары бабамыздың қазақ елінің азаттығы үшін күрескен шежірелі өлкенің Жібек жолы бойындағы сауда орталығына айналуынан бүгінгі Қазақстанның астанасына дейінгі тарихы терең. Астананың әр дәуірдегі дамуын куәландыратын құжаттар қалалық, облыстық, республикалық архивтерде, алыс-жақын шетел архивтері мен ғылыми мекемелерінде жеткілікті.



Алаш ардақтысы Әлихан Бөкейхан: «Қазақтың автономия қылсақ, Қараөткел – Алаштың ортасы, сонда университет салып, қазақтың ұл-қызын оқытсақ, «Қозы Көрпеш–Баян сұлуды» шығарған, Шоқан, Абай, Ахметті, Міржақыпты тапқан қазақтың кім екенін Еуропа сонда білер еді-ау» деген екен.

Ақмола өңірінің тарихынан сыр шертетін Ақмола облыстық өлкетану музейі 1923 жылы 1 мамырдан жұмыс істей бастағанын Астана қаласының мемлекеттік архив дерегінен білеміз. Биыл оған 100 жыл толып отыр. Бұл музей қоры кезінде 1928 жылы байларды көмекселеу кезінде де едәуір толыққан.


Ақмола облыстық тарихи-өлкетану мұражайы – мәдени-ағарту мекемесі. 1923 жылы 1 мамырда құрылған. Мұражайдың алғашқы экспозициясы түрлі мекеме сыйға тартқан жан-жануарлардың қаңқасы, қару-жарақ, сауыт-сайман, тағы басқа бұйымдардан құралды. 1927 жылы мұражай өзінің алғашқы экспедициясын ұйымдастырып, өлкенің табиғаты, тарихы жөнінде құнды мәлімет жинады. 1928-1929 жылдары мұражай қорында өлкенің өнеркәсібі, ауылшаруашылық Успен кен орны туралы материалдар мен этнографиялық бұйымдардан тұратын 1000-нан астам экспонат болды. 1970-1995 жылдары мұражай қоры палеолит, неолит, қола дәуіріндегі Вишневка, Жанбөбек-4, Ақ қошқар, Батпақ Мизар, Ангерсор, т. б. жерлерден табылған археологиялық ескерткіштер, XX ғасыр басындағы қала

тұрғындарының киім үлгілері мен кеңес дәуірін қамтитын құнды материалдармен толықты.

1998 жылы Қазақстан Республикасы орталығының Астана қаласына көшірілгендіктен, мұражайда тарихи-этнографиялық жаңа экспозиция ашылды. Экспозицияда қазақтың дәстүрлі қолөнері, соның ішінде зергерлік бұйымдар, күмістен әшекейленген ер-тұрмандар, әйелдер мен ерлер киімінің көне үлгілері, республикадағы басқа да ұлттардың этнографиялық бұйымдары көрсетілген. Мұражайда барлығы 142406 материалдық және рухани ескерткіш бар (1998 ж.).

Мына деректер 2000 жылы ашылған Қазақстан Республикасы Президенті мәдениет орталығы аталмыш өлкетану музейі мен С.Сейфуллин атындағы кітапхананың бірігуі арқылы құрылды. Кейін бұл жәдігерлердің басым бөлігі Қазақстан Республикасының Ұлттық музейіне, екінші бөлігі Көкшетау қаласындағы Ақмола облыстық тарихи-өлкетану музейіне (2009 ж.) уақытша сақтауға берілген еді.

Ақмола облыстық тарихи-өлкетану музейіне уақытша сақтауға берілген жәдігерлердің басым бөлігі жазба деректер: Ақмола облысындағы коммунистік партия, комсомол, пионер ұйымдары, кәсіпорындар мен мекемелер тарихы, фотосуреттер, өлке табиғаты мен кеңестік дәуір, тың игеру кезеңіндегі құжаттар, плакаттар мен афишалар, пластинкалар, сондай-ақ кілем-киіз бұйымдар, гербарийлер мен муляждар, саз балшықтан



жасалған ойыншықтар, минералдық-геологиялық тастар, археологиялық коллекциялар.

Бұл жәдігерлер ғылыми көмекші құрал ретінде өлке тарихын, қала тарихын зерттеуде, генеалогиялық зерттеулер жүргізгенде маңызды. Сондықтан 2019 жылы тарихи-өлкетанымдық экспозиция құру мақсатында Астана қаласының мемлекеттік архиві Көкшетау музейінің қоймасында жатқан жәдігерлерді қайтаруға келісу шаралары созылып кетті. 16747 жәдігер Астана қаласы

мемлекеттік архивінің қоймасына уақытша қойылды.

Музей жәдігерлерін қабылдау архивтің штат кестесіне іздестіру-өлкетану, ғылыми-зерттеу, әдістемелік, тәрбиелік жұмыстармен айналысатын қосымша қызметкерлер енгізу, талапқа сай ғимарат пен заманауи көрме витриналарын, арнайы музей қондырғыларын жасауды талап етеді. Сол себепті Астана қаласының мемлекеттік архиві өз кезегінде республикалық меншіктен Астана қаласының коммуналдық меншігіне берілген тек қана 8237 дана жазба дерек қорын қабылдауға мүдделілік танытты.

Тарихи құндылығы маңызды 8510 дана музей жәдігері ерекше күтімді (температура, жарықты, ылғалды сақтау) қажет ететіндіктен, Астана қаласының бірлескен мұражайлар дирекциясы мұражай жәдігерлерін тиісті жағдайда ұстайтын орындар мен сақтау мүмкіндігінің жоғуына байланысты теңгерімге алу мүмкін емес екенін хабарлады (26.07.2022 ж.). Сөйтіп, бұл мәселе әлі шешімін таппай келеді, заңды түрде жәдігерлерді қабылдай алмай отырмыз.

Егер басқа елдер астаналарының тарихына зер салсақ,



Ақмола облыстық тарихи-өлкетану музейіне уақытша сақтауға берілген жәдігерлердің басым бөлігі жазба деректер: Ақмола облысындағы коммунистік партия, комсомол, пионер ұйымдары, кәсіпорындар мен мекемелер тарихы, фотосуреттер, өлке табиғаты мен кеңестік дәуір, тың игеру кезеңіндегі құжаттар, плакаттар мен афишалар, пластинкалар, сондай-ақ кілем-киіз бұйымдар, гербарийлер мен муляждар, саз балшықтан жасалған ойыншықтар, минералдық-геологиялық тастар, археологиялық коллекциялар

соншама бай тарихы бар Астана қаласының музейін құру қажет екеніне көз жеткіземіз.

Ақмола өңірінің тарихынан сыр шертетін өлкетану музейін құру игілікті іс болмақ.

Ғазиза ИСАХАН,
архив ісінің үздігі

«Ломбард Нұр Алтыны Астана» ЖШС сатып алынбаған мүлікке (зергерлік бұйымдарға) аукцион жариялайды. Аукцион ағылшын әдісі бойынша 2023 жылдың 15, 16 наурызында сағат 10:00-де өтеді, мекенжайы: Ш.Айтматов көшесі, 36, н. п. 84, тел.: 8-7172-33-32-73.

«Электр энергиясы мен қуаты нарығының қазақстандық операторы» АҚ акциялар шығару проспектісінің куәлігі мен көшірмесінің жоғалғаны және осымен олардың жарамсыздығы туралы хабарлайды.

2023 жылдың 24 ақпанында сағат 12:13-те MAVIC 2 PRO маркалы дрон түсірілім барысында жоғалды. Тіркеу нөмірі: S/N 163CGB9R0A-4SOT, жоғалған күннен бастап жарамсыз деп жариялаймыз.

№26 (4459) 04/03/2023 Сенбі

ҒИБРАТТЫ ҒҰМЫР

Жақында «АЛЖИР» мемориалды-мұражай кешенінде мемлекет және қоғам қайраткері, саяси қуғын-сүргін құрбаны Жанайдар Сәдуақасовтың 125 жылдығына арналған «Ғибратты ғұмыр» атты көрме ашылып, дөңгелек үстел мәжілісі өтті.



Шараға Алаш ардақтысының туыстары, тарих ғылымдарының докторы, профессор Бүркітбай Аяған, тарихшы ғалымдар Амангелді Қашқымбаев, Жабай Қалиев, Құндызай Ерімбетова, Мемлекет тарихы институты ғылыми ақпарат бөлімінің басшысы, ақын Серік Сейітман, Ы.Алтынсарин атындағы «BINOM» мектебінің ұстаздары мен оқушылары қатысты.

Көрмеге Ж.Сәдуақасовтың отбасылық фотосуреттері, түрлі мемлекеттік лауазымдарды атқару барысында қол қойған құжаттары, мақалалары мен жеке заттары қойылған.

Ғалымдар қазақ зиялысының өнегелі өмірі мен қажырлы қызметі туралы тарихи фактілермен, ал туыстары естеліктер мен өмірбаянына қатысты тың деректермен бөлісті. Сондай-ақ, елдің әлеуметтік-экономикалық және рухани-мәдени дамуына қосқан үлесі жайлы нақты деректер мен мәліметтер айтылды.

Сол күні «АЛЖИР» мұражайы құнды жәдігермен толықты. Жанайдар Сәдуақасовтың туған бауырының ұрпағы Перизат Құрманқызы мұражай қорына Жанайдар киген жилетканы сыйға тартты. Көрнекті тұлғаның киімін Жанайдар Сәдуақасовтың кенже інісі Құрман Сәдуақасұлының отбасы бүгінге дейін көзінің қарашығындай сақтап келген.

ТАРИХИ ТҰЛҒАЛАРДЫ ТАСПАЛАҒАН

Астана қаласы орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің ұйымдастыруымен орталық балалар және жасөспірімдер кітапханасында белгілі тележүргізуші, продюсер, тарихи тұлғалар туралы деректі фильмдердің авторы Майя Бекбаевамен кездесу өтті.

Халықаралық әйелдер күніне орайластырылған шараны ашқан орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің директоры Гүлбадан Мәдібаева аталмыш кездесу кітапханашылар мен оқырмандардың тілегімен өтіп отырғанын атап өтті. Тележүргізуші өз тарапынан жұмысы жайлы айта келе, биыл тұлғалардың мерейтойына орай бірнеше деректі фильм түсіргенін, атап айтқанда, Мәншүк Мәметова, Мағжан Жұмабаев, Мұхтар Әуезов жайлы туындылар көрерменге жол тартқанын жеткізді. Оларды автордың YouTube арнасынан тамашалауға болады. Қазір биылғы 135 жылдығына орай Әміре Қашаубаев жайында деректі фильмнің түсірілімі жүріп жатыр.

Майя Бекбаева балалық шағы туралы айтқанда, кітапқа құмарлығын анасы оятқанын, табандылық әке қанымен келгенін, тарихқа қызығуына жұбайының әсері болғанын айтты. Ал атасы, Ұлы Отан соғысына қатысушы Асылхан Бекбаев халықты ағарту ісімен айналысып, көп жыл



Семейдегі педагогикалық институтты басқарған. Тарихи тұлғалар жайында деректі фильмдерді түсіруіне атасының әңгімелері де ықпалын тигізді.

Деректі фильм жобасымен айналыса бастағанына он жылға жуықтап қалғанын айтқан тележүргізуші осы уақытқа дейін 100-ден астам

фильм түсіргенін, бастапқыда саяси қуғын-сүргінге ұшыраған Сәкен Сейфуллин, Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы тұлғаларын алғанын, архивтік құжаттарды қайдан алатынын айтты.

– Бұрын көптеген құжат, нақты қылмыстық істер Ресейдің Федералды қауіпсіздік қызметінің

архивінде еді. Сол уақытта оларға қол жеткізуге болатын. Қазір білмеймін, бірақ бұл іс қиындап кетті деп естимін. Ал елімізде бастапқыда Ұлттық архивтен көп дерек алдым. Бұл істе архивтің сол кездегі директоры, тарихшы Марат Әбсеметовтің көмегі көп тиді. Алғашқы спикерім де сол кісі еді. Алматыдан да құжаттар алдырдым. Соның бірі – Жұмат Шаниннің ісі. Бірақ маған құжаттарды алып келген адамдар оның үстінен «домалақ арыз» жазғандардың аты-жөнін көрсетпей, көлегейлеп тұрды. Заң бойынша болуы керек, олардың есімін ашуға болмайды екен. Себебі олардың ұрпағы арамызда жүр. Сосын маған тарихшылар көмектеседі. Деректі фильмдердегі сол деректерді «Хабар» телеарнасы цензурасыз эфирге өткізе ме? Мен үшін маңыздысы сол еді. Өйткені осы арна сол жобаның тапсырушысы болды. Сонда фильмдер кесілмей шыққанына таңғалдым, – деді Майя Бекбаева.

Кездесу барысында қонаққа елімізде кітапхана ісін өркендетуге мол үлес қосқан Роза Бердіғалиева туралы деректі фильм түсіру ұсынылды. Майя Бекбаеваның «Мәншүк Мәметова: «халық жауының» қызы» деректі фильмі көрсетіліп, оқырмандар «Әйел келбеті...» кітап көрмесімен танысты.

ӨНЕР ӨРІНДЕГІ ӘЙЕЛ ӘЛЕМІ

Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармония Халықаралық әйелдер күні қарсаңында «Әйел және өнер» тақырыбында дөңгелек үстел мәжілісін ұйымдастырды. Оған елорда мәдениет саласының белгілі өкілдері қатысты.

Шара барысында қалалық филармонияның көркемдік жетекшісі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, профессор Гүлмира Құттыбаева, аталмыш өнер ошағы шығармашылық ұжымдарының жетекшілері Арайлым Рахым, Роза Шотқалиева, Ұлттық дельфий комитетінің директоры Құралай Түспекова, қылқалам шебері Лейла Махат, танымал әртістер Айгүл Қосанова, Жанар

Жүсіпова, Саида Қалықова, Алтыншаш Мұқатаева, Гүлдана Нұрабаева, Лаура Абат, филармонияның бас редакторы Зарина Мұхамедәлі пікір алмасты.

Қазақстанның мәдениеті мен өнерін дамытудағы әйелдердің рөлі туралы баяндама жасалып, композитор, музыкант, әнші, биші әйелдердің есімі аталды. Өнер шеберлерінің шығармашылығындағы әйел

бейнесі талқыланды.

Қылқалам шебері, Қазақ ұлттық өнер университетінің «Кескіндеме және мүсін» кафедрасының профессоры, бейнелеу өнері саласындағы философия докторы, Kulanshi Art Center кураторлық кеңесінің төрайымы, Еуразия өнер академиясының президенті Лейла Махат 2020 жылы әлемді індет шарпыған кезде «Ана жаулығы» халықаралық жо-

басына бастамашы болды. Бүгінгі таңда бұл идея өз өзектілігін жоғалтқан емес. Оның айтуынша, әр мәдениеттің ұлттық киімі бар. Ақ орамал – қазақ халқы салт-дәстүрінің киелі атрибуты. Ақ түс ана сүтін, тазалықты, әдептілікті білдіретін қасиетті мағынаға ие. Көптеген қазақ отбасында мұра болып қалған кимешек жәдігер ретінде сақталады. Астанада дүниеге келген жоба бүкіл әлем бойынша бағыт алып, қарқынды дамып келеді. Шара кезінде аталмыш жобаға Е.Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармония ұжымы да қосылды.



НЕ? ҚАЙДА? ҚАШАН?

ҚАЙТА ОРАЛҒАН СУ ПЕРІСІ

4-5 наурыз 10:00, 14:00

Қуыршақ театры

МҰҢ

4 наурыз 19:00

Жастар театры

Мақұры

5 наурыз 11:00

Музыкалық жас көрермен театры

БАБАЛАР ҮНІ

5 наурыз 17:00

Астаналық филармония

Бетті дайындаған **Аманғали ҚАЛЖАНОВ**

www.astana-akshamy.kz

Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**

Бас редактордың орынбасары – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қағталды. Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300

Тапсырыс №26

Баспахана: Астана қаласы, Бейбітшілік көшесі, 8, 5-кеңсе «КОМЕК ИНВ» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нурсая-2» ТК

Қабылдау бөлмесі: тел./факс: +7 (7172) 42-43-81 Тілшілер бөлімі: 42-41-03 Жарнама: 42-43-52 Va-reklama@mail.ru

aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Гүлшат САПАРҚЫЗЫ